



**ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!**

ЖИЫН-ТЕРІН

Қамбаға 21356 тонна өнім түсті

Диқандар үшін жауапты кезең басталды. Ерте көктемнен еңбек еткен жамбылдық диқандар егінге орақ салды. Аудан бойынша 14667 гектар масақты дәнді дақылдар, оның ішінде 4607 гектар күздік бидай, 10060 гектар жаздық арпа егін орағына түсті. Бүгінде 11570 гектар масақты дәнді дақылдар орақтан өтті. Оның ішінде 3634 гектар күздік бидай, 7963 гектар жаздық арпа алқабы орылды. Қамбаға 21841 тонна өнім түсті. Егін орағында 27 комбайн жұмыс істеуде.



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Ауданда бақша өнімін жинау науқаны да қарқынды жалғасуда. Биыл аудан бойынша 710 гектар жерге бақша дақылдары егілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 гектарға артық. Маусымның қолайлы келуі мен диқандардың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде биылғы өнім де көңіл қуантады.

Шоқай ауылындағы бақша алқаптарында да жиын-терін жұмыстары қызу жүріп жатыр. Жеке кәсіпкер Акерке Батырбекованың егін алқабында қарбыздың 65 күнде пісетін екі сорты мен қауынның үш түрі өсірілген. Қазіргі таңда бақша

басында қарбыздың келісі 100 теңгеден, қауынның келісі 150 теңгеден сатылуда.

Шаруалардың айтуынша, биылғы ауа райы бақша өнімдерінің мол шығуына қолайлы болған. Қарбыз бен қауынға сұраныстың жоғары болуының арқасында өнімнің басым бөлігі аудан мен облыс тұрғындарына сатылуда. Бұл өз кезегінде жергілікті халықтың табиғи, сапалы әрі отандық өнімге деген сұранысының артып келе жатқанын көрсетеді.

Шаруалар ауа райының қолайлы сәтін тиімді пайдаланып, егін жинау жұмыстарын уақтылы әрі сапалы аяқтауға күш салуда. Бұл ретте, аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бауыржан Тоқтасынов астық алқаптарын аралап, техникамен қамтылу деңгейіне, астықтың шығымына және ұйымдастыру жұмыстарына назар аударды. Өз кезегінде шаруалар бөлім басшысына жиын-терін қарқынының жоғары екенін жеткізді.

АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ!

Қазақ елі өз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекетке айналғаннан кейін оның ажырамас бөлігі – Конституцияны қабылдады. Ата заңның қабылдануы Конституциялық құрылыстың саяси құқықтық негізін қалады, мемлекеттік тетік, саяси жүйенің негізгі қағидаттарын орнықтырды. Адам мен адамзаттың конституциялық мәртебесін белгіледі.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы, ең жоғары күшке ие заңдар топтамасы. Елдегі тәртіп пен адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін бірден-бір құрал. Конституция – тек мемлекеттің ғана емес, қоғам өмірінің жол көрсетушісі. Біздің өмірімізде осы заңдар жинағы күнде жолығады деуге болады.

Конституция – әрбір мемлекеттің ең басты заңы. Тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылдана, келесі Конституция 1995 жылы 30 тамызда, ал жаңа Конституция 2026 жылғы 15 наурызда қабылданды.

→ 4



Саяси партиялардың басшыларымен және БАҚ өкілдерімен семинар-кеңес өтті

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау науқаны аясында Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы саяси партиялардың және БАҚ өкілдерімен семинар-кеңес өткізді.



Кеңеске Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері, Жамбыл облысы әкімдігі ақпарат және қоғамдық даму басқармасының басшысы Жанболат Нұрмолдаұлы, «Әділет» партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасының орынбасары Дауыл Бейсенқұлов, «Ауыл» партиясы Жамбыл облысы бойынша өңірлік штабының басшысы Асхат Олжабай, «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» ҚБ Жамбыл облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ихтияр Мурзахметов, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының» Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Ержан Дәуренбеков, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы

Жамбыл облыстық филиалы төрағасының міндетін атқарушы Дәурен Ахметжаев, «Қазақстан халық партиясының» Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Рахман Аккозиев, «Respublica» партиясы» Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Айнуір Келимбетова және БАҚ өкілдері қатысты.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов семинар-кеңесті ашып, қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Семинар-кеңестің күн тәртібінде қазіргі сайлау науқаны кезіндегі сайлау алдындағы үгітке қатысты заңнамадағы жаңа нормалар және электоралдық кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау туралы заңдағы нормаларын сақтау туралы мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Жамалов сөз алып, сайлау науқаны кезіндегі сайлау алдындағы

үгітке қатысты заңнамадағы жаңа нормалар туралы баяндады. Атап айтқанда, енгізілген жаңалықтардың бірі – дауыс беру күні толтырылған сайлау бюллетенін фото немесе бейнетүсірілім жасауға және оны таратуға тыйым салынуы. Сондай-ақ ағымдағы сайлау науқаны үшін арнайы дайындалмаған үгіт материалдарын пайдалануға жол берілмейтіні атап өтілді.

→ 2

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

Бекітілген кестеге сәйкес Аса, Айшабибі, Қарасу, Көлқайнар, Тоғызтарау ауылдық округтерінің әкімдері округіне қарасты елді мекендердің тұрғындарымен кездесті. Жергілікті жұртшылықтың талап-тілегін тыңдап, ұсыныс-пікірлерін назарға алды. Елге ортақ өзекті мәселелерді жан-жақты талқылап, түйткілді мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін айтты.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ АЙТАРЫ БАР

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

АЯЛДАМА СОҒЫЛА МА?

Рахат бастауыш мектебінде өткен кездесуде Аса ауылдық округінің әкімі Талғат Бөлекбаев тұрғындарға ағымдағы жылы атқарылған жұмыстарды баяндады. Ауылдағы ағайынның базынасын біліп, көкейтесті сауалдарға үн қатты.

Басқосуда ауыл азаматтары Есенғали Жақсылықов С.Айдаров көшесінің аяқ жағына балалар ойын алаңы салынуын сұраса, Абай Самалеев ауылдағы жаңадан соғылған балалар ойын алаңшасына барар жол қашан салынып берілетінін білді. Дулат Ахметов «Тастөбе-Аса» бағытындағы автожол бойына аялдама соғып беруін өтінді.

Жоғарыдағы сауалдарға жауап берген Талғат Балтабайұлы балалар ойын алаңын соғу үшін алдағы уақытта жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, бюджеттік өтінім берілетінін, жаңа балалар ойын алаңшасына барар жол салу келер жылдың бюджеттік есебінен қарастырылатынын, аялдама мәселесі бойынша жауапты бөлімге ұсыныс берілетінін жеткізді.

→ 3

Саяси партиялардың басшыларымен және БАҚ өкілдерімен семинар-кеңес өтті

– Дауыс беру күні толтырылған сайлау бюллетенінің фото немесе бейнетүсірілімін жасауға, сондай-ақ оны таратуға тыйым салынады. Бұл норма саяси партияларды жария түрде қолдауды көрсетуге жол бермеуге бағытталған және еркін әрі жасырын дауыс беруді, сайлау процесіне қатысушылардың барлығы үшін тең жағдайларды, сондай-ақ сайлаушылардың еркін ерік білдіруін қамтамасыз етуге арналған.

Сонымен қатар, шарттық негізде үгіт материалдарын орналастыру туралы талап өздерінің интернет-ресурстары мен онлайн-платформалардағы аккаунттарын пайдаланатын саяси партиялар мен кандидаттарға қолданылмайды. Бұдан бөлек, үгіт материалдарына қойылатын қосымша талаптар енгізілді.

Атап айтқанда, бұрыннан қолданыста болған Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде үгіт материалдарын дайындауға және жасырын үгіт материалдарын таратуға тыйым салумен қатар, енді ағымдағы сайлау науқаны үшін дайындалмаған үгіт материалдарын пайдалануға да тыйым салынды, – деді Талғат Жамалов.

Сондай-ақ, сайлау науқанын объективті түрде ақпарат-

тандырудың маңыздылығына тоқталды. Ол кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін үгіт материалдарын жариялаудан бас тартуға, бірдей көлемде теріске шығару хабарлары мен материалдарын тегін жариялау мүмкіндігін ұсынуға шақырды.

Талғат Жамалов сайлауалды үгіт жұмыстары 4 негізгі бағыттан құралатынын атап өтті. Олар:

1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;

2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікірталастар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен;

3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен;

4) онлайн-платформалар арқылы жүзеге асырылады.

Соның ішінде, пикет, митинг, шерулер мен бейбіт жиналыстарды өткізу «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Ал, осы үгіт шараларын өткізуге барынша қолайлы жағдайлар жасау міндеті жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Яғни, үй-жайлардың барлық партияларға тең мүмкіндікте берілуі қаралған. Сонымен қатар, осы үй-жайларды БАҚ-та жариялау шарты көзделген.

– Алайда, партиялар тарапынан үгіт жүргізу барысында ескеретін бір шарт бар. «Сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғалардың ойын-сауық және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық жасауға тыйым салынған, – деді Талғат Жамалов.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Жамбыл облысы әкімдігі ақпарат және қоғамдық даму басқармасының басшысы Жанболат Нұрмолдаұлы баяндама жасады. Ол басқарманың бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау заңнамасы талаптарын

сақтауын қамтамасыз ету бағытында атқарып жатқан жұмыстары және үгіт кезеңінде ақпараттық кеңістікке тұрақты мониторинг жүргізу жоспарлары туралы айтты. Сонымен қатар үгіт кезеңінде саяси партиялардың қызметін тең дәрежеде жариялаудың маңыздылығына, сондай-ақ азаматтардың сайлау құқықтарын кең аудиторияға түсіндіруге бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізудің өзектілігіне тоқталды.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов 2026 жылғы 23 шілдедегі жағдай бойынша Құрылтай депутатының мандаттарына үміткер 7 саяси партияның тізімдеріне 545 кандидат енгізілгенін, депутаттық мандаттардың жалпы саны 145 екенін, әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдардың өкілдігіне қойылатын талаптарды барлық саяси партиялар сақтағанын айтты. Жалпы партиялық тізімдер бойынша аталған санаттардың жиынтық үлесі 43,9 пайызды құрайды. Оның ішінде 172-і – әйел (31,56 пайыз), 373-і – ер азамат. 35 жасқа дейінгі 74 кандидат бар. Орташа жас – 45,4.

Орталық сайлау комиссиясының отырысында өткізілген

жеребе тартудың қорытындысы бойынша 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру кезінде саяси партиялардың атаулары сайлау бюллетенінде мынадай ретпен орналасқан:

1. «Әділет» партиясы».
2. «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы».
3. Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы.
4. «Қазақстан Халық партиясы».
5. «Ауыл» партиясы».
6. «Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы».
7. «Respublica» партиясы».

Жеребе тарту қорытындылары Орталық сайлау комиссиясы мүшелерінің тиісті хаттамасымен бекітілді.

Жиынды қорытындылаған Серғали Айдапкелов сайлау науқанын заң талаптарына сәйкес өткізудің маңыздылығына тоқталып, сайлау процесіне қатысушыларды сайлау заңнамасының талаптарын сақтауға шақырды.

Семинар барысында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға тиісті түсіндірмелер мен жауаптар берілді.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясында ЕҚЫҰ-ның ұзақ мерзімді байқаушыларымен кездесу

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) ұзақ мерзімді халықаралық байқаушылар миссиясының өкілдерімен ресми кездесу өтті.



Кездесудің негізгі мақсаты – 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутатыларын сайлауға дайындық барысымен таныстыру, өңірде атқарылып жатқан ұйымдастыру жұмыстары жөнінде жан-жақты ақпарат алмасу, сондай-ақ халықаралық байқаушылардың сайлау процесін бақылауға қатысты өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылау.

Кездесу барысында Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов өңірдегі сайлау науқанына дайындық жұмыстарының негізгі бағыттарына кеңінен тоқталды. Атап айтқанда, сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру, төмен тұрған аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын үйлестіру, сайлау процесіне қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету, сайлау

заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы толық мәлімет берді.

Сонымен қатар, сайлау процесі Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес кезең-кезеңмен жүріп жатқанын және сайлау науқаны заң талаптарына сәйкес ашықтық және жариялылық қағидаттарына негізделіп ұйымдастырылып отырғанын айтты.

Сайлау комиссияларының барлық қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен сайлау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылып, сайлау процесінің

әр кезеңінде заңдылықтың сақталуына ерекше назар аударылып отырғаны атап өтілді.

Кездесу барысында халықаралық байқаушыларды қызықтырған бірқатар мәселе талқыланды. Атап айтқанда, кандидаттарды ұсыну және тіркеу тәртібі, сайлаушылар тізімдерін нақтылау, дауыс беру күніне дайындық, сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, мүгедектігі бар азаматтардың дауыс беру құқықтарын іске асыру үшін жасалып жатқан жағдайлар, бұқаралық ақпарат құралдарымен және байқаушылармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша жан-жақты ақпарат берілді.

Өз кезегінде ЕҚЫҰ-ның ұзақ мерзімді байқаушылары өңірдегі сайлауалды дайындық жұмыстарының барысына қызығушылық танытып, халықаралық байқау миссиясының негізгі міндеттері туралы баяндады. Олар сайлау науқанының барлық кезеңін, сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын бағалауға ерекше мән беретінін жеткізді.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтті. Облыстық сайлау комиссиясы сайлау науқаны барысында өзара ақпарат алмасуды жалғастыруға, халықаралық байқаушылардың қызметіне тиісті жағдай жасауға және сайлау процесінің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету бағытындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екендігін білдірді.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты

болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

ГОЛОСОВАНИЕ ЗА РУБЕЖОМ

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

В списки избирателей на избирательных участках при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах включаются все граждане, проживающие или находящиеся в длительной заграничной командировке в соответствующем иностранном государстве и имеющие действительный паспорт гражданина Республики Казахстан.

Граждане Республики Казахстан, прибывшие в иностранные государства по частным приглашениям, в служебные, деловые и туристические поездки, при их обращении в участковую избирательную комиссию и при

наличии у них действительного паспорта гражданина Республики Казахстан включаются в списки избирателей.

Голосование может быть объявлено законченным в любое время, если проголосовали все избиратели, включенные в список.

Список избирательных участков при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах доступен на интернет-ресурсах Министрства иностранных дел и Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан. Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

Байгелдиев Мақұлбек Байгелдіұлы



Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері, мемлекет және қоғам қайраткері **Байгелдиев Мақұлбек Байгелдіұлы** 80 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Мақұлбек Байгелдіұлы 1946 жылы 10 қазанда Жамбыл ауданы Ернар ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтын 1969 жылы бітірген. 1961 жылы Жамбыл ауданының «Қызыл-Октябрь» колхозының жұмысшысы болып еңбек жолын бастаған. 1969 жылдан

«Қызыл-Октябрь» ұжымының агрономы, бас агрономы болып еңбек еткен. 1971-1973 жылдары Кеңес Әскерінің қатарында болған. 1973 жылы Жамбыл облысы Жамбыл ауданының «Пионер» кеңшарының бас агрономы, 1975 жылдан Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы, 1978 жылдан Қазақстан Компартиясы Жамбыл аудандық комитетінің нұсқаушысы, 1981 жылдан Жамбыл ауданының «Жеміс-жидек» кеңшарының директоры, 1986 жылдан «Аса» кеңшарының директоры, 1995 жылдан «Жасөркен» кеңшарының директоры, 1997 жылдан Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, 1998 жылдан Жамбыл ауданы әкімінің бірінші орынбасары, 2001 жылдан Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары, 2002 жылдан Жамбыл ауданының әкімі, 2006 жылдан Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, 2007 жылдан Жамбыл облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің директоры қызметтерін абыроймен атқарды.

Мақұлбек Байгелдіұлы бүкіл саналы ғұмырын туған жердің өсіп-өркендеуіне, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға және мемлекеттік қызметке арнаған абзал азамат еді. Ол еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастап, агроном, шаруашылық басшысы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының жетекшісі, Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары, Жамбыл ауданының әкімі, облыстық деңгейдегі жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, елдің құрметіне бөленді.

Ұзақ жылғы адал еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, көптеген мемлекеттік наградалармен және мерейтойлық медальдармен марапатталды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы, «Еңбек ерлігі үшін», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына – 25 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл», «Жамбыл облысына сіңірген еңбегі үшін», «Жамбыл облыстық ардагерлер ұйымына – 30 жыл» медальдарымен, «Еңбек данқы» белгісімен марапатталған.

Қай қызметте жүрсе де, өзінің іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, қарапайым болмысымен және адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленді. Ел мүддесін бәрінен биік қойып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосты. Мақұлбек Байгелдіұлының жарқын бейнесі, елге сіңірген елеулі еңбегі мен азаматтық тұлғасы оны білетіндердің жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына, жақындарына және барша ағайын-жұртына ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Артында қалған ұрпағына сабыр, туған-туыстарына қайрат тілейміз.

Жаны жәннатта, иманы жолдас, топырағы торқа болсын!

Е.ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ, Р.БЕГАЛИЕВ, М.ШАЙДАЕВ, Н.НЕСІПБЕКОВ, М.ДОСЫМБЕКОВА, Н.МҰХАШЕВ, С.СЕЛЕУБАЕВ, Т.ӘБДІБЕКОВ, Б.СЫРЛЫБАЕВ, Т.БӨЛЕКБАЕВ.

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы – тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Нағыз адамгершілігі мол абзал жандар қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді. Ел ішінде жақсы ісімен, жайдары мінезімен, еткен еңбегімен көпшіліктің құрметіне бөленеді. Адамгершілікті тү еткен азаматтардың беделі мен халқына сіңірген еңбегі уақыт өте келе бағаланады. Сондай атпал азаматтардың бірі – Мақұлбек Байгелдиев.

Арамызда жүрген жақсы адам өмірден өтіп кетсе де, көңілден ешқашан өшпек емес. Қабырғаны қайыстырған қимастық пен сағыныш қалады. Өзінің саналы ғұмырын туған жер мен елге арнаған арда азаматтың өмірден озғаны қабырғамызды қайыстырды. О бастан өлмек айқын. Бұл пәниде темір өзекті пенде жоқ. Өлмес адам елде жоқ. Өлімнен өтер өткел де жоқ. Бірақ төрге шыкса төбедей, төбеге шыкса төредей, жақын

мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білген Мақұлбек Байгелдіұлын өлімге қию да, енді арамызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны.

Бір жақсылығын айтайын, ұмыт бола бастаған ұлттық спорт түрін жаңғыртып, команда құру бір адамның бастамасымен бітетін нәрсе емес. Сонау қиын-қыстау кезеңде облыста көкпарды дамытуға білек сыбана кіріскен азаматтардың ортасында Мақұлбек

Байгелдиев те болған еді. Сол кездегі көкпаршылар оның командаға арнайы форма тіктіріп, қаржылай көмек көрсеткенін ілтипатпен еске алысады. Бұл кісі игілікті іс жасай жүріп, көкпарды өлтірмеген.

Асылында, «Жақсының аты өлмейді». Қазақтың философы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Өткен адам болады көзден таса, өлді, өшті болады көзден таса, ол кетсе де белгісі жоғалмайды, керектісін ескеріп ұмытпаса», – демекші, Мақұлбек Байгелдіұлының жақсылықтары өшпейді, рухы біздің арамызда мәңгі бірге жасай бермек. Есімі мен бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын!

Алтынхан САПАРБЕКОВ, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы.

ІСКЕРЛІГІМЕН ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛАДЫ

Өмірде туған жерінің тұғырын биіктетіп, елінің абыройы үшін бар ғұмырын арнаған ардақты азаматтар аз емес. Сондай елге сыйлы тұлғалардың бірі Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, мемлекеттік қызмет ардагері Байгелдиев Мақұлбек ағамыз 80 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Мақұлбек аға саналы ғұмырын ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына арнап, қай қызметте жүрсе де, адалдық пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдырды. Еңбек жолын Жамбыл ауданындағы «Қызыл-Октябрь» ұжымшарында агроном болып бастап, кейін бас агроном қызметін атқарды. Одан кейінгі жылдары «Пионер» кеңшарының бас агрономы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы, Қазақстан Компартиясы Жам-

был аудандық комитетінің нұсқаушысы, «Аса» совхозы мен «Жеміс-жидек», «Жасөркен» кеңшарларының директоры секілді жауапты қызметтерде еңбек етті.

1998-2007 жылдары Жамбыл ауданы әкімінің бірінші орынбасары, аудан әкімінің орынбасары, Жамбыл ауданының әкімі, Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің директоры қызметтерін абыроймен атқарып, елдің дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Менің де Мақұлбек ағамен бірге қызмет етіп, тәлімін көруге мүмкіндік болғаны өмірімдегі үлкен мектептің бірі десем, артық емес. 1996 жылы, еңбек жолымның бел ортасында жүрген кезімде, «Жеміс-жидек» кеңшарында бас зоотехник болып қызмет атқардым. Сол уақытта кеңшар директоры болған Мақұлбек аға маған үлкен сенім артып, жауапты міндеттер жүктейтін. Әр тапсырманы орындау барысында ол кісінің талапшылдығын,

ұйымдастырушылық қабілетін, жастарға деген қамқорлығын анық сезінетінмін. Ол кісі жас мамандарды шыңдап, еңбектің қадірін ұғындырып, елге қызмет еткен адамның өзі де биікке көтерілетінін ісімен дәлелдей білді.

Жақсы ағаның білімдарлығы, парасаттылығы, іскерлігі мен адамгершілік қасиеттері оны әріптестері мен ел-жұртының ерекше құрметіне бөледі. Ол әрдайым халықтың мүддесін бәрінен биік қойып, туған өлкесінің өркендеуіне аянбай тер төкті. Оның өнегелі өмір жолы мен адал еңбегі кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала береді.

Ардақты ағамыздың жарқын бейнесі, елге сіңірген еңбегі мен азаматтық болмысы аудан жұртшылығының жадында мәңгі сақталады. Марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын. Жаны жәннатта, иманы жолдас болсын.

Мұхтар ШАЙДАЕВ, Жамбыл аудандық мәслихатының төрағасы.

Соңы. Басы 1-бетте

ДӘРІГЕРЛІК ПУНКТКЕ МАМАН КЕРЕК

Айшабибі ауылдық округінің әкімі Дәрмен Дәулетов Қаратау ауылының тұрғындарымен кездесті. Оларды үстіміздегі жылы атқарылған жұмыстардан хабардар етіп, өтініш-тілектеріне құлақ түрді. Қаратаулық Гүлнұр Бекбасованың айтуымен, ауылдағы фельдшерлік-акушерлік пунктке бір маман керек екенін білді. Алдағы уақытта аудандық орталық ауруханаға сұраныс хат жолданатынын айтты.

ЖОЛ БЕЛГІСІ ҚОЙЛА МА?

Шайдана ауылында өткен кездесуде Қарасу ауылдық округінің әкімі Айдын Масатов быыл атқарылған жұмыстарды тілге тиек етіп, жергілікті жұртшылықтың ұсыныс-пікірлерін қаперге алды. Өз кезегінде тұрғындар Нұртаза

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ АЙТАРЫ БАР



Исаев «Шайдана-Сеңгірбай» бағытындағы автожол бойына мал өткелі белгісі қойылса деп өтініш білдірсе, Дербісәлі Маликов №5 Шайдана орта мектебінің алдына автотұрақ



салып беруін сұрады.

Қарасу ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманалы Құрбанов әкімнің жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады.

ҚАҢҒЫБАС ИТТЕР АУЛАНА МА?

Көлқайнар ауылдық округінің әкімі Асылбек Қонаров Жамбыл ауылының тұрғындарымен

өткізген кездесуінде осы жылы атқарылған, ендігі кезекте жасалатын игіліктерді алға тартты. Тұрғындарды не толғандыратынын сұрап білді.

Ауылдағы ағайынға ортақ мәселе біреу, ол – көше кезіп жүретін қаңғыбас иттер. Белсенді азамат Максұт Сағымбеков әкімнен қаңғыбас иттерді аулатуды өтінді. Оның өтініші назарға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілетіні айтылды.

ДАМУ ЖОСПАРЫ АЙТЫЛДЫ

Тоғызтарау ауылдық округінің әкімі Нұрәділ Төлеков Құмсуат ауылының тұрғындарымен кездесті. Оларға ағымдағы жылы атқарылған, «2026-2029 жылдарға арналған даму жоспарына» сәйкес жасалатын жұмыстар турасында кеңінен баяндады. Олардың баянасын біліп, көкейтесті сауалдарына жауап берді.

ЗАМАНДАС

Адамның қадірі атқарған ісімен, елге сіңірген еңбегімен өлшенеді. Өмір жолын адал еңбекпен өріп, туған жерінің дамуына өз үлесін қосқан азаматтардың өнегесі кейінгі буынға әрдайым үлгі. Осындай ел құрметіне бөленген азаматтардың бірі – Әділ Күшүров.

Еңбегімен елге сыйлы

Әділ Әбілғазыұлының өмір жолында еңбекке деген жауапкершілік пен қоғамдық белсенділік айрықша орын алады. Жылдар бойы ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп, өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқаруы оның ел арасындағы беделін қалыптастырды. Қарапайым еңбек адамының табандылығы мен маңдай тері ел игілігіне қызмет ететінін оның өмір жолынан көруге болады.

Әділдің көп жылғы еңбегі түрлі марапаттармен бағаланған. Атап айтсақ, 2008 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу ұйымдары қызметкерлері кәсіподақтары салалық бірлестігі Орталық комитетінің №16 қаулысымен III дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен марапатталған. Бұл марапат – жылдар бойғы табанды еңбектің, өз ісіне деген адалдықтың және ауыл шаруашылығы саласына қосқан үлестің айғағы. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі де елеусіз қалған жоқ. Қазақстан мәслихат хатшылары бірлестігі атынан еліміздің дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі үшін «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Сонымен қатар



Әділ Әбілғазыұлына «Ауыл шаруашылығы ардагерлері Кеңесі» қоғамдық бірлестігі тарапынан «Құрметті ардагер» мәртебесі берілген. Бұл – оның тек еңбек жолына ғана емес, кейінгі жылдардағы қоғамдық беделі мен ардагер ретіндегі абыройына көрсетілген құрмет.

Ең үлкен марапаттың бірі – туған елдің құрметі. Жамбыл аудандық мәслихатының шешімімен Әділ Күшүровке Жамбыл ауданының Құрметті азаматы атағы берілген. Мұндай атақ – бір күндік еңбектің нәтижесі емес. Оның артында

жылдар бойы атқарылған жұмыс, туған жерге деген жанашырлық, халықпен бірге жүріп, ел мүддесіне қызмет ету жатыр.

Құрметті азамат атану – адамның туған жер алдындағы еңбегінің ел тарапынан мойындалуы. Сондықтан Әділ Күшүровке көрсетілген бұл құрметті оның бүкіл еңбек жолына берілген жоғары баға деуге болады.

Жастар үшін мұндай азаматтардың өнегесі аса қымбат. Өйткені Отанға қызмет ету үлкен сөзден емес, өз ісінді жауапкершілікпен атқарудан, туған жеріне жанашыр болудан, маңдай термен еңбек етуден басталады.

Әділ Әбілғазыұлының өнегелі жолы жас ұрпаққа: «Еліңе қызмет ет, еңбектен қашпа, артыңда жақсы атың мен халыққа жасаған игі ісің қалсын» деген аманат іспетті.

Осындай азаматтардың ғибратты ғұмыры ұрпақ жадында жаңғырып, елін сүйетін, еңбекті қадірлейтін, жауапкершілігі жоғары жастардың қалыптасуына жол көрсете берсін. Өйткені елдің ертеңін жасайтын – өткеннің өнегесін бағалап, бүгін адал еңбек ете білген ұрпақ.

Батырбек САРШАЕВ,
аудандық билер кеңесінің төрағасы.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

ІНДЕТПЕН БАРШАМЫЗ БІРЛЕСЕ КҮРЕСУІМІЗ ҚАЖЕТ

Елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізілуде. Келеңсіз көрініске қарсы күрестің алғашқы қадамдары, мемлекеттің қауіпсіздігін және лауазымды тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Дегенмен мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстарға және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер етеді. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы паракорлықтың дендеуіне



септігін тигізеді.

Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті

түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Шынтуайтында, айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлердің қызмет етуіне қауіп төндіретін әлеуметтік дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл ретте қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бірлесе күресуіміз қажет.

Дана ЖАРБОЛОВА,
аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл ауданының 13 ауылдық округінде халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында Құқық кабинеттері ашылды.

Құқық кабинеттерінің негізгі мақсаты – тұрғындарға

құқықтық көмек көрсету, заң мәселелері бойынша кеңес беру және қажетті құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету. Барлық тұрғындар құқықтық көмек алу үшін өз ауылдық округтеріндегі Құқық кабинеттеріне жүгіне алады.

Соңы. Басы 1-бетте

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ
БАСТЫ КЕПІЛІ

Жаңа Конституцияны қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Қабылданған Конституция еліміздің қазіргі саяси-құқықтық даму кезеңін бейнелей отырып, адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары басым тұрған Әділетті Қазақстанның конституциялық құндылықтарын нақты бекітеді. Елдің Негізгі заңының құрылымы мен мазмұны қазіргі заманғы шынайылықтар мен қоғам сұранысын ескере отырып, конституциялық модельді кешенді әрі ішкі тұрғыдан үйлесімді түрде жаңарту негізінде тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қарастырылды. Конституция Қазақстан Республикасын дамыту мен жаңғыртудың ұзақ мерзімді стратегиясының берік іргетасы болуға арналған кіріспеден, 11 бөлімнен және 96 баптан тұрады.

Егер 1995 жылғы Конституция кіріспесінің редакциясы Негізгі заңның қабылдануының тарихи-саяси алғышарттарын негізінен бекітіп, тәуелсіздік таңында өзекті саяси-құқықтық жағдайды көрсетсе, онда жаңа Конституцияда ол мемлекет дамуының ұзақмерзімді құндылық және стратегиялық бағдарларын бекіту құралы ретінде пайдаланылады.

Бұл өзгеріс Конституциядағы тарихи кезеңнің сипаттамасынан мемлекет дамуының тұрақты моделін бекітуге көшуді көрсетеді.

Әділетті Қазақстан идеясын және «Заң мен тәртіп» қағидатын бекіту бауырының заң алдындағы теңдігіне, институттардың тұрақтылығына негізделген мемлекеттіліктің неғұрлым жетілген моделіне көшуді көрсетеді.

Аталған қағидаттарды бекіту оларды бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі базалық бағдарларының деңгейіне шығарады. Бұл тұрғыда «Заң және тәртіп» принципі заң шығару және құқық қолдану қызметі үшін нұсқаулық болып табылады. Сонымен қатар, Әділетті Қазақстан идеясы мемлекетті жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделерінің теңгеріміне, сондай-ақ құқықтар мен міндеттерді іске асыруда теңгерімсіздікке жол бермеуге бағыттай отырып, осы талаптарды толықтырды.

Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін талқылау және шешу

кезінде әрбір құқықтық санасы жоғары азамат Конституцияда бейнеленген жауапкершілікті сезінуі қажет. Ата заң көп ұлтты әрі көп дінді қоғамда азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің ұдайы үзілмеуін қамтамасыз етуде. Мұның барлығы Конституцияның мықты әлеуетінің дәлелі десек, артық айтқандық емес. Қоғамның бүгін мен болашағы үшін өз Конституциямызды құрметтеп, қорғап, маңыздылығын жоғалтпай сақтауымыз – біздің, яғни, әрбір Қазақстан азаматының міндеті мен парызы.

Ата заң – бұл тек мемлекеттік басқарудың негізі емес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуының кепілі де. Конституцияның 13, 16-баптарында көрсетілгендей, «Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегімен алу құқығы танылады.

Заң мен сот алдында бәрі тең. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

Осы мән-жайлар әрбір құқық саласының негізгі қағидаттары ретінде де бекітіліп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуының негізін қалауда.

Біз Ата заңымызды құрметтеуді, ардақтауды, қастерлеуді әрқашан естен шығармауымыз керек. Себебі, Ата заң – мызғымас мемлекетіміздің алтын тұғыры, бірлігі мен ынтымағы жарасқан еліміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі.

Әсел ҰМБЕТҚҰЛОВА,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:
Жауапты хатшы:
Тілшілер:
Дизайнер-теруші:
Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ
Шұғыла АҚШАБАЙ
Ғалия АЛИЕВА

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1946 Тапсырыс №510

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.